

«2025 жылға арналған Асанкеткен, Борқылдақты, Шығыс Қызылжар 1 кен орындарын игеру және құрылыс кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары бойынша ашық жиналыстар арқылы өткізілетін қоғамдық тыңдау хаттамасы

1. Аумағында қызмет жүзеге асырылатын немесе аумағына ықпал етілетін әкімшілік-аумақтық бірліктің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті атқарушы органының атауы:

Атырау облысы, Жылыой ауданының әкімшілігі

2. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбы:

«2025 жылға арналған Асанкеткен, Борқылдақты, Шығыс Қызылжар 1 кен орындарын игеру кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары және 2025 жылға арналған Асанкеткен, Борқылдақты, Шығыс Қызылжар 1 кен орындарының құрылыс кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары»

(қаралатын жобалау материалдарының толық, нақты атауы)

3. Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдар жіберілген қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның немесе облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органының атауы.

ҚР ЭҚМБ жанындағы "Қоршаған ортаны қорғаудың ақпараттық-талдау орталығы" ШЖҚ РМК

4. Көзделіп отырған қызметтің орналасатын жері

(көзделіп отырған қызмет учаскесі аумағының толық, нақты мекенжайы, географиялық координаттары)

№	Өнеркәсіптік алаңның атауы	Облыс	Аудан, елді мекен	Координаты, градус, секунд		Алып отырған аумағы, гектар
1	2	3	4	5	6	7
1.	Асанкеткен	Атырау	Жылыой	46° 44' 50.25"N	53° 21' 35.73"E	128,0
2.	Борқылдақты	Атырау	Жылыой	47° 14' 44.25"N	53° 38' 56.3"E	65,9
3.	Шығыс 1 Қызылжар	Атырау	Жылыой	47° 13' 15.08"N	53° 23' 25.70"E	672,3

5. Көзделіп отырған қызметтің ықтимал әсеріне қатысы бар барлық әкімшілік-аумақтық бірліктердің атауы: **Атырау облысы, Жылыой ауданы**

(белгіленге көзделіп отырған қызметті жүзеге асыру нәтижесінде аумағына әсер етуі мүмкін және аумағында қоғамдық тыңдаулар өткізілетін әкімшілік-аумақтық бірліктердің тізбесі)

6. Көзделіп отырған қызмет бастамашысының деректемелері және байланыс деректері:

«Jasyl Energy» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН: 220340025060, Мекен-жайы: Алматы қ., Сәтбаев көшесі 18«А», тел.: 8-778-514-1483, эл. пошта: gulzhanat@tradexhouse.com

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

7. Ықтимал әсерлер туралы есептерді әзірлеушілердің немесе стратегиялық экологиялық бағалау жөніндегі есептерді дайындау бойынша сырттан тартылған сарапшылардың немесе мемлекеттік экологиялық сараптама объектілерінің құжаттамасын әзірлеушілердің деректемелері мен байланыс деректері.

«Ашық Жол Сервис» Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН: 100 740 007 469 Мекен-жайы: ҚР, Атырау қ., Түлебаев көшесі 44-503, тел: +7 702437 3054, e-mail: gaini.s@mail.ru

(оның ішінде нақты атауы, заңды және нақты мекенжайы, БСН, ЖСН, телефондары, факстары, электрондық пошталары, сайттары)

8. Қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күн, уақыт, орын (қоғамдық тыңдаулардың ашық жиналысы өткізілетін күн (күндер) және уақыт):

Қатысушыларды тіркеудің басталу уақыты: сағ.10:30, 13.11.2024ж

Қоғамдық тыңдаудың басталу уақыты: сағ.11:00, 13.11.2024ж

Қоғамдық тыңдаудың аяқталу уақыты: 12:00 сағ. 13.11.2024ж

(қатысушыларды тіркеу басталатын күн, уақыт, қоғамдық тыңдаулардың басталатын уақыты, тыңдаулар өткізілетін орынның толық және нақты мекенжайы. Қоғамдық тыңдаулар ұзартылатын жағдайда барлық күндер көрсетіледі)

Қоғамдық тыңдаулар онлайн режимінде өткізілді мына сілтеме бойынша өткізілді:

<https://us05web.zoom.us/j/84643389263?pwd=a5nkPkxcD3QnVba1eObawLUSW2xSnI.1>

9. Бастамашы жіберген сұрату хатының көшірмесі және қоғамдық тыңдауларды өткізу шарттарын келісу туралы әкімшілік-аумақтық бірліктердің жергілікті атқарушы органдары ұсынған жауап хаттың көшірмесі осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **2,3-қосымшада қоса беріледі.**

10. Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы осы қоғамдық тыңдаулар хаттамасына қоса беріледі. **4-қосымшада қоса беріледі.**

11. Қоғамдық тыңдаулар өткізу туралы ақпарат қазақ және орыс тілдерінде келесі жолдармен таратылды:

1) Ақпараттық жүйеде: <https://ecoportal.kz/Public/PubHearings>

2) жергілікті атқарушы органның (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) ресми интернет-ресурсында немесе әзірлеуші мемлекеттік органның ресми интернет-ресурсында

Атырау облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының интернет-ресурсында 11.10.2024 ж

<https://www.gov.kz/memleket/entities/atyrau-tabigat/press/news/details/863039?lang=ru>

(ресми интернет-ресурстардың атауы, сілтемелер және жарияланған күні)

3) қоғамдық тыңдаулар басталған күнге дейін жиырма жұмыс күнінен кешіктірмей, бұқаралық ақпарат құралдарында, оның ішінде кемінде бір газетте және қатысы бараумақтың шегінде толық немесе ішінара орналасқан тиісті әкімшілік – аумақтық бірліктердің (облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың) аумағында таратылатын кемінде бір теле-немесе радиоарна арқылы бұқаралық ақпарат құралдарында:

10.10.2024ж. №41 (8141) «Кең Жылыой» газеті қазақ және орыс тілдерінде, 5-қосымшада қоса беріледі.

(газеттегі хабарландырудың атауын, нөмірін және жарияланған күнін көрсету, сондай-ақ газеттің сканерленген титулдық беті мен қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландыру берілген бетті қамтитын, сканерленген хабарландыруды қоса ұсыну)

07.10.2024ж. №160 эфирлік анықтама негізінде "АТЫРАУ" телеарнасында жарияланғандығы жөнінде эфирлік анықтама, 6-қосымшада қоса беріледі.

(теле немесе радиоарнаның атауын, хабарландыру жарияланған күнді көрсету, теле немесе радиоарнада жарияланған қоғамдық тыңдаулар өткізілетіндігі туралы хабарландырудың бейне және аудиожазбасы бар электрондық жеткізгіш қоғамдық тыңдаулардың хаттамасына қоса тіркелуі (жариялануы) тиіс)

4) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің (облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың, аудандардың, облыстық және аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің) аумағында мүдделі жұртшылық үшін қолжетімді орындарда, **Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет Өтемісов даңғылы, 37А ғимарат, «Кең Жылыой» мәдениет үйі** мекенжайы бойынша **1 дана** хабарландыру ілінді. Осы қоғамдық тыңдау хаттамасына фотоматериалдар қоса беріледі. **7-қосымшада қоса беріледі**

12. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың шешімдері:

«Jasyl energy» ЖШС-і өкілі Азербает С. қоғамдық тыңдаудың хатшысы ретінде сайлау бірауыздан шешім қабылдады, барлық қатысушылар саны – 18 адам, "Қарсы емес" – 18 адам, "Қарсы" - 0 адам, "қалыс қалғандар" - 0 адам дауыс берді

(хатшыны таңдау туралы. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың "қолдаймын", "қарсымын", "қалыс қаламын" деп дауыс бергендер санын көрсету)

Бірауыздан қабылданған шешіммен регламент бекітілді: барлық қатысушылар саны – 18 адам, "Қарсы емес" – 18 адам, "Қарсы" - 0 адам, "Қалыс қалғандар" - 0 адам дауыс берді.

(регламентті бекіту туралы. Қоғамдық қатысушылардың санын көрсету: "қарсы емес", "қарсы", "қалыс қалды")

13. Барлық тыңдалған баяндамалар туралы мәліметтер:

«Ашық Жол Сервис» ЖШС өкілі – Дильмағамбетова Д.

(баяндамашының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)

«2025 жылға арналған Асанкеткен, Борқылдақты, Шығыс Қызылжар 1 кен орындарын игеру және құрылыс кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары бойынша баяндама 8-қосымшада ұсынылған.

(баяндаманың тақырыбы, беттердің, слайдтардың, файлдардың, плакаттардың, сызбалардың саны)

14. Мүдделі мемлекеттік органдар мен жұртшылықтың осы Қағидаларының 18-тармағына сәйкес жазбаша нысанда ұсынылған немесе қоғамдық тыңдауларды өткізу барысында айтылған барлық ескертулер мен ұсыныстарын, әрбір ескерту және ұсыныс бойынша бастамашының жауаптары мен түсініктемелерін қамтитын жиынтық кесте. Қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына мүлде қатысы жоқ ескертулер мен ұсыныстар кестеге "қоғамдық тыңдаулардың тақырыбына қатысы жоқ" деген белгімен енгізіледі.

1-қосымшада қоса беріледі

15. Қоғамдық тыңдауларға қатысушылардың жоба және қаралатындардың сапасы туралы пікірі (негіздемесімен), құжаттардың, тыңдалған баяндамалардың толықтығы және оларды түсінудің қолжетімділігі тұрғысынан, оларды жақсарту бойынша ұсынымдар:

Баяндама бойынша ескертулер болған жоқ.

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдігінің атауы ұйымдар, пікірлер мен ұсыныстар)

16. Қоғамдық тыңдаулар хаттамасына шағымдану Қазақстан Республикасының Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне сәйкес сот және сотқа дейінгі тәртіппен мүмкін болады.

17. Қоғамдық тыңдаулар төрағасы:

Жолдыбаев Ғ.К., тұрғын үй коммуналдық шаруашылық жөлаушылар көлігі, автомобильдер жолдары және тұрғын үй инспекциясы бөлімі бас маманы

(тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілі болып табылатын ұйымның атауы, қолы, күні)

Қолы 

Күні «15» 11 2024ж

18. Қоғамдық тыңдаулар хатшысы:

Азербает С. «Jasyl Energy» ЖШС өкілі, қауіпсіздік және қоршаған орта менеджері

Қолы 

Күні «15» 11 2024ж

р/с №	Қатысушылардың ескертулері мен ұсыныстары (қатысушының тегі, аты және әкесінің аты (бар болса), лауазымы, өкілдік ететін ұйымның атауы)	Ескертулер мен ұсыныстарға жауаптар (жауап берушінің тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) және/немесе лауазымы, өкілі болып отырған ұйымның атауы)	Ескерту (алынып тасталған/алынбаған ескерту немесе ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ")
1.	<i>Телеубаева Р.С., тұрғын:</i> Бұл кен орындары қазіргі уақытта жұмыс жасап тұрғандықтан қаншалықты заңға сай жұмыс жасап тұрғанын көрсек болады ма?	<i>Аблаев Қ., «Jasyl Energy» ЖШС өкілі:</i> Бізге адам саны мен қай уақытта келетіндеріңіз жөнінде хат жолдасаңыздар, кен орындарына баруды ұйымдастырамыз.	ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ"
2.	<i>Телеубаева Р.С., тұрғын:</i> Онда кен орындарды аралап келгенше қоғамдық тыңдау тоқтатылсын. Барлық кен орынды қарап келгеннен қоғамдық тыңдауды қайта өткізерсіздер. Қазіргі уақытта осы өндіріліп отырған мұнайдың зардабын шегіп отырмыз. Менің қазір қолымда он адамның онкологиямен ауырғанын дәлелдейтін құжаттар бар. Біз кен орындарын көруге міндеттіміз.	<i>Рзиева З., «Jasyl Energy» ЖШС директоры:</i> Біз қазір тыңдауды тоқтатсақ, біз уақытылы рұқсат қағаздарды ала алмаймыз. Рұқсат қағазын ала алмасақ негізгі жұмыс көзін тоқтатуға тура келеді. Ол дегеніміз жұмысшылардың жұмысының тоқтауына акеп соғады. Ол әлеуметтік осалдылықты туғызады. Алдағы уақытта сіздерді кен орнана апарудан бас тартпаймыз.	ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ"
3.	<i>Идрисқызы Г., тұрғын:</i> Асанкеткен, Борқылдақты, Шығыс Қызылжар кен орындарын игеру кезінде шығарындылар көрсеткіші көбейіп тұр екен. Соларды азайту мақсатында қандай жұмыстар атқарылатын болады. Ол шығарындылар қалай, қайдан шығады. Неге Қызылжарда шығарынды көп?	<i>Әзербайев С., «Jasyl Energy» ЖШС өкілі:</i> Қызылжар кен орнында қосымша 4 ұңғыманы қазу жоспарлануда. Соған байланысты кен орнының басқа кен орындарымен салыстырғанда шығарындылары көп.	Сұраққа жауап берілді.
3.	<i>Идрисқызы Г., тұрғын:</i> Былтыр кен орындарын аралау жөнінде ұсыныс бергенбіз. Хат жібергенбіз. Бірақ ол орындалған жоқ.	<i>Саинова Ф., «Ашықжолсервис» ЖШС өкілі:</i> Бұрынғы өткен тыңдауларда сіздер кен орнын аралауға ұсыныс айтқан болатынсыз. Сол кезде мекеме сіздерге хат жазуды өтінді. Мен өзім Ибрагим деген сіздермен бірге жүрген активисттің қолынан хатты көрдім. Маған беріңіз сол бойынша ұйымдастырайық дегенімде ол кісі бермеді. Ол хат соңында маған да, жер қойнауын пайдаланушыға да жеткен жоқ. Хат түспегеннен кейін біздер кен орыны аралау процесін ұйымдастыра алмадық. Енді қазір сол хатты жазып бізге берсеңіздер, жобалаушы мекеме ретінде соның оң нәтижесін көргім келеді. Сіздерден хат түсу керек.	ұсыныс, "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ"

4.	<i>Идрисқызы Г., тұрғын:</i> ППМ бойынша көгалдандыру жұмыстарын көрсеткен екенсіздер. Олар қаншалықты орындалуда. Кен орнының басына талдар өспесе неге осы Құлсары қаласынан жер телімін алып сол жерде көгалдандыру жұмыстарын неге жүргізбеске.	<i>Аблаев Қ., «Jasyl Energy» ЖШС өкілі:</i> Біз тендер өткіздік. Мекеме таңдалынды. Биылша жерді дайындап қойдық, келесі жылы егу жұмыстары жүргізілетін болады. Одан басқа акиматпен жұмыс жасап жатырмыз. Әкімшілікпен келіспей кез келген жерге егуге құқығымыз жоқ. Сондықтан меморандумға қол қойылғаннан кейін көгалдандыру жұмыстары жалғастырылатын болады.	Сұраққа жауап берілді.
5.	<i>Идрисқызы Г., тұрғын:</i> ОВОСқа неге қай уақытта қандай мониторинг жүргізілгені жөнінде ақпарат неге енгізілмеді.	<i>Өткелбаев Н., «Jasyl Energy» ЖШС өкілі:</i> Бізге мониторингті аккредитациядан өткен Ақтөбелік мекеме мониторинг жүргізіп отыр. Барлық сынаманың хаттамалары бар. Мекемеге келіп танысуыңызға болады. Отчет дайындалып, экология департаментіне жолданып отырады. Неге жобаға салынбады деген сұраққа келетін болсақ. Алдарыңызға әкеліп отырған материал ОВОС емес НДВ деп аталады. Бұл жобаларда нормативтеу эмиссиялары қаралып соған рұқсат сұратылатын болады.	Сұраққа жауап берілді.
6.	<i>Батырбайқызы Г., тұрғын:</i> Сіздерде пештер қалай жұмыс жасап тұр? Олар жаңа технологиялар талабына сай жұмыс жасап тұр ма? Майлы шүберектерді қайда жібересіздер? Активистер сіздердің кен орындарыңызды Құлсары бойынша аралаған жоқ.	<i>Аблаев Қ., «Jasyl Energy» ЖШС өкілі:</i> Қалдықтардың барлығы бөлек бөлек жинақталып 6 ай ішінде лицензиясы бар мердігер мекемеге тапсырылады. Пештер жұмыс жасап тұр. Олар өзімізден шыққан газды утилизациялау мақсатында өзіміздің қажеттілігімізге керек газдың көлемін өтеп тұр. Пештер паспортқа сай жұмыс жасап жатыр. Пештер Қазақстанда жасалған. Заң талаптарына сай.	Сұраққа жауап берілді.
7.	<i>Батырбайқызы Г., тұрғын:</i> Сіздерде қанша жұмысшы жұмыс жасайды? Оның нешеуі жергілікті кадрлар?	<i>Аблаев Қ., «Jasyl Energy» ЖШС өкілі:</i> Біздің жұмысшылардың көбі Атырау облысының тұрғындары. Құлсарының тұрғыны болмаса да Қосшағыл ауылынан алдық. Соңғы кезде 2 адам Жылыой ауданынан алынды.	Сұраққа жауап берілді. "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ"
8.	<i>Ержан, бұрынғы жұмысшы:</i> Осы мекемеде көп жыл жұмыс жасадым. Осы мекеменің нанын жедік. Бірақ аяқ астынан 5А Ойл мекемесі Жасыл Енерджи мекемесіне өтті. Сол арада біздер жұмыстан қысқартылдық. Оның себебі айтылған жоқ. Экология бойынша қағаз жүзінде де іс жүзінде де жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мен Сағыз	<i>Өткелбаев Н., «Jasyl Energy» ЖШС өкілі:</i> Зиянды заттар мүлдем шықпайды деп айту қате. Игеру болған кезде, мысалы дәнекерлеу кезінде, пеш жұмыс жасаған кезінде ластаушы заттар шығады. Бірақ жыл сайын сол шығарындыға рұқсат алынады.	Сұраққа жауап берілді. "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ"

	кен орнында жасадым. Мен жасаған уақытта пештер, газ генераторы дұрыс жұмыс жасап тұрғанына көзім жетті. Қондырғының жұмыс жасауы мамандарға да тікелей байланысты. Кен орнын аралауға мен де активист болып барғым келеді. Бір түсініксіз жағдай 5А Ойл мекемесі кезінде коллективті келісімшарт жасай үшін басшылармен бірге отырып өзіміздің сұрақтарымызды қойғанбыз. Мен сол кезде кен орнында жасалып жатқан жұмыстардың зияны үшін (за вредность) жұмысшыларға ақша төлене ме деп сұраған болатынмын. Содан кейін он күннен соң жұмыстан қысқартылдым. Орнымызға адамдар жұмысқа алынды. Сұрағым біз бұл мекемеден неге жұмыстан шығып кеттік? Қаншалықты қоршаған ортаны ластап жатырсыздар?	<i>Азербает С., «Jasyl energy» ЖШС өкілі:</i> Зияндылықты төлеу туралы айтатын болсақ, зияндылық жұмыс жасау ортасының аттестациядан өтуіне байланысты. Бізде барлық кен орындары заңға сай жұмыс жасайды.	
9.	<i>Ержан, бұрынғы жұмысшы:</i> Мекеме басында болып жатқан жағдайды қадағалап отырған адам жоқ. Тек қағаз жүзінде жұмыс жүргізіледі. Сондықтан кен орындарын аралау керек.	<i>Азербает С., «Jasyl energy» ЖШС өкілі:</i> Барлық жұмыстар текқана қағаз жүзінде емес, сол кен орнының басында жұмыс жасайтын мамандардың берген ақапраттар нәтижесінде есеп жүргізіледі.	Сұраққа жауап берілді. "қоғамдық тыңдау тақырыбына қатысы жоқ"
10	<i>Жолдыбаев F., төраға:</i> Мекемеге ұсыныс мүдделі адамдарды жинап кен орнын аралауды тез арада ұйымдастырып, актілеріңізді жазасыздар.	<i>Ұсыныс қабылданды.</i>	
11.	<i>Утегенова Б., төраға:</i> ПММ бойынша мониторинг жасалады делінген екен, қандай компаниямен жасалады. Сертификаттары бар ма, аккредитациядан өтті ме? Келесіде сол лабораторияның сертификатын алып келіңіздер. Қауіпті заттардың мөлшерін көзімізбен көруіміз керек. Соны да келесі тыңдауда алып келсеңіздер.	<i>Өткелбаев Н., «Jasyl Energy» ЖШС өкілі:</i> Лаборатория сертификаты болмаса тендерге де қатыса алмайды. Сол сертификатты келіп көруіңізге де болады.	<i>Ұсыныс қабылданды.</i>

Приложение 3.1.
к Правилам проведения
общественных слушаний

Форма письма-запроса от инициатора общественных слушаний на проведение общественных слушаний в местные исполнительные органы административно-территориальных единиц (района, города)

исходящий номер: 24081823001, Дата: 18/09/2024

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

Информируем Вас о: Осуществление государственной экологической экспертизы

(наименование в соответствии с пунктом 12 настоящих Правил)

Будет осуществляться на следующей территории: (Общественные слушания)

(территория воздействия, географические координаты участка)

Предоставляем перечень административно-территориальных единиц, на территорию которых может быть оказано воздействие, и на территории которых будут проведены общественные слушания:

Предмет общественных слушаний: Заявочный пакет на получение экологического разрешения на воздействие месторождений Асанкеткен, Боркылдакты, Кызылжар 1 Восточный на 2025г в период эксплуатации и Заявочный пакет на получение экологического разрешения на воздействие месторождений Асанкеткен, Боркылдакты, Кызылжар 1 Восточный на 2025г в период строительства.

(тема, название общественных слушаний, предмет общественных слушаний в обязательном случае должен содержать точное наименование, место осуществления, срок намечаемой деятельности и наименование инициатора намечаемой деятельности)

Просим согласовать нижеуказанные условия проведения общественных слушаний: Атырауская область, Жылыойский район, Кульсаринская г.а., г.Кульсары, проспект Махамбета Утемисова, 37а, дом культуры «Кен Жылыой», 13/11/2024 11:00

(место, дата и время начала проведения общественных слушаний)

Место проведения общественных слушаний в населенном (-ых) пункте (-ах) обосновано их ближайшим расположением к территории намечаемой деятельности (80 км).

Объявление о проведении общественных слушаний на казахском и русском языках будет распространено следующими способами:

“Кен Жылыой” (kaz), Прикаспийская Колонна (rus); телеканал caspien news

(наименование газеты, теле- и радиоканала, где будет размещено объявление)

Доска объявления дом культуры «Кен Жылыой»

(расположение мест, специально предназначенных для размещения печатных объявлений (доски объявлений))

Просим также подтвердить наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний.

В соответствии с Экологическим кодексом Республики Казахстан и Правилами проведения общественных слушаний, общественные слушания проводятся под председательством представителя местного исполнительного органа соответствующей административно-территориальной единицы (района, города). Местный исполнительный орган обеспечивает видео- и аудиозапись открытого собрания общественных слушаний. Электронный носитель с видео- и аудиозаписью всего хода открытого собрания общественных слушаний с начала регистрации до закрытия общественных слушаний и подведением итогов слушаний, подлежит приобщению (публикации) к протоколу общественных слушаний.

В соответствии с требованиями законодательства просим обеспечить регистрацию участников общественных слушаний и видео- и аудиозапись общественных слушаний.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Товарищество с ограниченной ответственностью "Jasyf Energy" (БИН: 220340025060), 8-778-514-1483, Нет данных,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Приложение 3.
к Правилам проведения
общественных слушаний

**Форма письма-ответа инициатору общественных слушаний от местных исполнительных органов
административно-территориальных единиц (района, города) на проведение общественных
слушаний**

исходящий номер: 24081823001, Дата: 24/09/2024

(регистрационные данные письма, исходящий номер, дата)

«В ответ на Ваше письмо (исх. №24081823001, от 18/09/2024 (дата)) о согласовании предлагаемых Вами условий проведения общественных слушаний, сообщаем следующее:

«Согласовываем проведение общественных слушаний по предмету Заявочный пакет на получение экологического разрешения на воздействие месторождений Асанкеткен, Боркылдакты, Кызылжар 1 Восточный на 2025г в период эксплуатации и Заявочный пакет на получение экологического разрешения на воздействие месторождений Асанкеткен, Боркылдакты, Кызылжар 1 Восточный на 2025г в период строительства, в предлагаемую Вами 13/11/2024 11:00. Атырауская область, Жылыойский район, Кульсаринская г.а., г.Кульсары, проспект Махамбета Утемисова, 37а, дом культуры «Кен Жылыой» (дату, место, время начала проведения общественных слушаний)»

(к причинам несогласования относятся: место проведения не относится к территории административно-территориальных единиц, на которую может быть оказано воздействие в результате осуществления намечаемой деятельности; дата и время проведения выпадает на выходные и/или праздничные дни, нерабочее время. "Поддерживаем, предложенные Вами способы распространения объявления о проведении общественных слушаний". или "Предлагаем дополнить (заменить) следующими способами, для более эффективного информирования общественности").

«Подтверждаем наличие технической возможности организации видеоконференцсвязи в ходе проведения общественных слушаний».

«Перечень заинтересованных государственных органов: 1. 2.»

Товарищество с ограниченной ответственностью "Товарищество с ограниченной ответственностью "Jasyl Energy"" (БИН: 220340025060), 8-778-514-1483, Нет данных,

(фамилия, имя и отчество (при наличии), должность, наименование организации представителем которой является, подпись, контактные данные инициатора общественных слушаний).

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы

Қоғамдық тыңдауларға қатысушыларды тіркеу парағы

«2025 жылға арналған Асанкеткен, Боркылдақты, Шығыс Қызылжар 1 кен орындарын игеру кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары және 2025 жылға арналған Асанкеткен, Боркылдақты, Шығыс Қызылжар 1 кен орындарының құрылыс кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары» бойынша ашық жиналыстар арқылы өткізілетін қоғамдық тыңдаулар

№ р/с	Қатысушының аты-жөні	Қатысушы санаты (мүдделі жұртшылықтың, жұртшылықтың, мемлекеттік органның өкілі, Бастамашы)	Байланыс телефон нөмірі	Қатысу форматы (жеке немесе конференц- байланыс арқылы)	Қолы (ашық жиналысқа қатысқан жағдайда)
1	2	3	4	5	6
1	Виева, С. А	ТОО Ташкент			
2	Кудряков, Ч. И	ТОО Ташкент			
3	Самиева, Т. С	ТОО Астана			
4	Маманов, Е	Тұрғын			
5	Алиевбаева, Р. С	Тұрғын			
6	Алиевбаев, Р. К	ЖСХ			
7	Сүлей, М	Тұрғын			
8	Алиев, Р	Тұрғын			
9	Алиев, Т. Б	Т			
10	Алиевбаева, Р. С	Тұрғын			
11	Алиевбаев, Р. К	Тұрғын			
12	Алиевбаев, Р. К	Тұрғын			
13	Алиевбаев, Р. К	Тұрғын			
14	Алиевбаев, Р. К	Тұрғын			
15	Алиевбаев, Р. К	Тұрғын			
16	Алиевбаев, Р. К	Тұрғын			
17	Алиевбаев, Р. К	Тұрғын			
18	Алиевбаев, Р. К	Тұрғын			

«ҚАЗАҚСТАН» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯСЫ АҚ
АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
АТЫРАУ ОБЛЫСТЫҚ ФИЛИАЛЫ
АО «РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТЕЛЕРАДИОКОРПОРАЦИЯ «КАЗАХСТАН»

АТЫРАУ

№ 01-09-166

09.10.2024 г.

ЭФИРНАЯ СПРАВКА к Д№160 от 07.10.2024г.

Настоящей справкой подтверждается, что 08 октября 2024 года в эфире телерадиоканала «АТЫРАУ» было размещение бегущей строки по заявке Сайыновой Г. С. с текстом: 13.11.2024ж. Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет Утеминов даңғылы, 37А ғимарат, «Кен Жылыой» мәдениет үйінде сағат 11:00-де «2025 жылға арналған Асанкеткен, Боркылдақты, Шығыс Қызылжар 1 кен орындарының игеру кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасалған өтінім құжаттамалары және 2025 жылға арналған Асанкеткен, Боркылдақты, Шығыс Қызылжар 1 кен орындарының құрылыс кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасалған өтінім құжаттамалары» бойынша қоғамдық тыңдау өткізіледі. Қоғамдық тыңдауға ZOOM платформасында бейнеконференция арқылы онлайн режимінде қосылу сілтемесі:

<https://us05web.zoom.us/j/84643389263?pwd=a5nkPkxcD3QmVbaUcObawLU5W2x5NlJ1> Конференцияның Идентификаторы: 846 4338 9263 Қолжестімділік коды: BfNms8 Тапсырыс беруші - «Jasy Energy» ЖШС, БИН: 220340025060, Алматы қ., Сәтбаев к-сі 18А/а, тел.: 8-778-514-1483, эл. пошта: gulzhanat@tradeshouse.com Жобаны әзірлеуші - «Ашық Жол Сервис» ЖШС №01917Р лиц.14.04.2017ж. ҚР ЭМ берген, 060097, Атырау қ., Төлебаев көшесі 44-503, БИН 100 740 007 469, т. 8702 437-630-54, электронды мекенжайы: gaini_s@mail.ru Жоба бойынша құжаттама БЭК-те ecportal.kz сайтында орналастырылған. Жергілікті атқарушы орган - «Атырау облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы» ММ, пошталық мекен жайы: Атырау облысы, Атырау қаласы, Әйтеке би, 77, электрондық мекенжайы: atr_priroda@atyrau.gov.kz тел: 8 (7122) 325509 Ақпарат алу үшін электрондық пошта мекенжайы: atr_priroda@mail.ru және gaini_s@mail.ru <https://www.gov.kz/normaleket/entities/atyrau-tabiगत?lang=ru> Қосымша ақпаратты gaini_s@mail.ru электронды мекенжайдан алуға болады, тел.: 87024373054 на казахском языке.

13.11.2024г. по адресу: Атырауская обл., Жылыойский р-н, г. Кулсары, проспект Махамбета Утеминова, 37а, в Дом культуры «Кен Жылыой» в 11:00 ч. проводятся общественные слушания в форме открытого собрания по Заявочным пакетам на получение экологического разрешения на воздействие месторождений Асанкеткен, Боркылдақты, Кызылжар 1 Восточный на 2025г в период эксплуатации и Заявочным пакетам на получение экологического разрешения на воздействие месторождений Асанкеткен, Боркылдақты, Кызылжар 1 Восточный на 2025г в период строительства. Дополнительно будет возможность подключения в режиме онлайн на платформе ZOOM по следующей ссылке:

<https://us05web.zoom.us/j/84643389263?pwd=a5nkPkxcD3QmVbaUcObawLU5W2x5NlJ1> Идентификатор конференции: 846 4338 9263 Код доступа: BfNms8 Инициатор – ТОО «Jasy Energy», БИН: 220340025060, г.Алматы, ул. Сатпаева 18А/а, тел.: 8-778-514-1483, эл. почта: gulzhanat@tradeshouse.com Разработчик проекта – ТОО «Ашық Жол Сервис» лиц.№01917Р от 14.04.2017г. выд. МЭ РК, г. Атырау, ул. Төлебаева 44-503, БИН 100 740 007 469, тел. 8702 437-630-54, эл. почта: gaini_s@mail.ru Документация по проекту размещена на сайте ЕЭП ecportal.kz. Местный исполнительный орган – ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования Атырауской области», почтовый адрес: г.Атырау, улица Әйтеке би 77, электронный адрес: atr_priroda@atyrau.gov.kz тел: 8 (7122) 325509. Электронные адреса для ознакомления с информацией: atr_priroda@mail.ru, ecportal.kz, <https://www.gov.kz/normaleket/entities/atyrau-tabiगत?lang=ru>. Дополнительную информацию можно получить по адресу: gaini_s@mail.ru тел.: 87024373054 на русском языке согласно заявке.

000354

Директор


Ж.Ж.Жуналиева
Тел.: 8712 21 916428
Казахстан Республикасы
060005, Атырау қаласы,
Ж. Молдағалиев көшесі, 29а



050005, город Атырау,
ул. Ж. Молдағалиев, 29а


Т.Р.Утегулов

Fax 8 - 7122 - 95 - 68 - 22
E-mail: qazqstan.atyrau@mail.ru





09.10.2024г 10:11



09.10.2024г 10:10

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ БАҒДАРЛАМАСЫ

Өтетін орны:	Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары қаласы, Махамбет Өтемісов даңғылы, 37А ғимарат, «Кең Жылыой» мәдениет үйі
Өтетін күні	13.11.2024ж
Басталуы:	11:00
Аяқталуы:	12:30
10:50-11:00	Қатысушылар тізімін жасақтау
11:00-11:10	Қоғамдық тыңдау ашу сөзі (Қоғамдық тыңдаудың төрағасы)
11:10-11:15	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы мен хатшысын сайлау
11:15-11:35	«2025 жылға арналған Асанкеткен, Борқылдақты, Шығыс Қызылжар 1 кен орындарын игеру және құрылыс кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасақталған өтінім құжаттамалары бойынша баяндама - баяндамашы «Ашық Жол Сервис» ЖШС өкілі
11:35-11:55	Сұрақ – жауап
12:00-12:30	Талқылау қорытындысы/Қоғамдық тыңдауды жабу

Баяндама

«Jasyl Energy» ЖШС
«Ашық Жол Сервис» ЖШС

«2025 жылға арналған Асанкеткен, Боркылдақты, Шығыс
Қызылжар 1 кен орындарын игеру және құрылыс кезінде қоршаған
ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасакталған өтінім
құжаттамалары» бойынша

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

Құлсары к. 2024ж.

Қоғамдық тыңдау бағдарламасы

Өтетін орны:	Атырау облысы, Жылыой ауданы, Құлсары каласы, Махамбет Өтемісов даңғылы, 37А ғимарат, «Кен Жылыой» мәдениет үйі
Өтетін күні	13.11.2024ж
Басталуы:	11:00
Аяқталуы:	12:30
10:50-11:00	Қатысушылар тізімін жасақтау
11:00-11:10	Қоғамдық тыңдау ашу сөзі (Қоғамдық тыңдаудың төрағасы)
11:10-11:15	Қоғамдық тыңдаудың төрағасы мен хатшысын сайлау
11:15-11:35	«2025 жылға арналған Асанкеткен, Боркылдақты, Шығыс Қызылжар 1 кен орындарын игеру және құрылыс кезінде қоршаған ортаға әсер ету рұқсатын алу үшін жасакталған өтінім құжаттамалары бойынша баяндама - баяндамашы «Ашық Жол Сервис» ЖШС өкілі
11:35-11:55	Сұрақ – жауап
12:00-12:30	Талқылау қорытындысы/Қоғамдық тыңдауды жабу

Мақсаты, мазмұны

Жобаның мақсаты – «Jasy1 Energy» ЖШС-ның 2025 жылға игеру және құрылыс жұмыстарын жүргізу үшін экологиялық рұқсат алу.

Игеру кезінде экологиялық рұқсат алу үшін тапсырылған құжат тізімі:

1. Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтеу жобасы;
2. Қалдықтарды басқару бағдарламасы;
3. Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы
4. Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары;

Құрылыс кезінде экологиялық рұқсат алу үшін тапсырылған құжат тізімі:

1. Рұқсат етілетін шығарынды норматив эмиссиясы (Қоршаған орта бөлімдері);
2. Қоршаған ортаны қорғау шараларының жоспары.

Ұңғымаларды бұрғылау жобалары – 4.

3

Кен орындардың орналасу картасы



Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексіне сәйкес (7-тараудың 96 баптың 1-тармағы) қоландық тиімділіктер Мемлекеттік Экологиялық сараптама объектілері болып табылатын жобалар үшін міндетті болып табылады. Осы жұмыстың мақсаты кәсіпорын көздерінің атмосфераға зиянды заттар шығарындыларының сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау, рұқсат етілген шығарындылардың нормативтерін және жер беті аймағындағы экологиялық жағдайды бақылау жөніндегі іс-шараларды әзірлеу, сондай-ақ жердің беткі қабатын, жер үсті және жер асты суларын ластанудан қорғау болып табылады.



4

Рұқсат етілетін шығарындылар нормативтеу жобасы


Жоба мақсаты – 2025 жылға «Jasyl Energy» ЖШС кен орындары үшін атмосфералық шығарындылар нормативтерін белгілеу.



Ластаушы көздердің саны

№№	Жобалар атауы	Ластаушы көздер саны, шт	Ластаушы көздер атаулары	Ауа қысымының зиянды заттардың атауы
1.	2025 жылға арналған Асанкеткен кен орны үшін атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың шығарындыларын нормативтеу жобасы	42 Ұйымдастырылған – 19 Ұйымдастырылмағаны - 23	пештер, резервуарлар, газды генераторлар, аэрозольдер, жоюлар, дымалды конденсация, сыйымдалмалар, бұрғылау тәрбиеліктері, мұнай-газ сепараторлары, ұнтақшылар, газ сепараторлары, дәнекерлеу аппараты, т.б.	Азот тотығы, азот қоспалығы, көміртек тотығы, көмірсутектер, күкірт тотығы, күбі, метан, теяр тотығы, шандар, күкіртті сутектер, бөленістер, формальдегид, т.б.
2.	2025 жылға арналған Борқылдақты кен орындары үшін ластаушы заттардың шығарындыларын нормативтеу жобасы	29 Ұйымдастырылған – 13 Ұйымдастырылмағаны - 16		
3.	2025 жылға арналған Шығыс Қызылжар кен орны үшін атмосфераға шығарылатын ластаушы заттардың шығарындыларын нормативтеу жобасы	49 Ұйымдастырылған – 13 Ұйымдастырылмағаны - 36		
Ұйымдастырылған ластаушы заттардың шығарындыларын нормативтеу жобасы (қоршаған ортаны қорғау бөлімі)				
1	Шығыс Қызылжар I кен орнында КЗБ-7 қолбеу бағытталған пайдалану ұйымдастырылған салуға арналған жеке техникалық жобасы	22	бұрғылау конденсация, цементтеу агрегаты, аэрозольдер, бу конденсация, дымалды жөгіп, көмір генератор, резервуарлар, дәнекерлеу аппараты, мұнай сепараторы т.б.	Азот тотығы, азот қоспалығы, көміртек тотығы, көмірсутектер, күкірт тотығы, күкіртті сутектер, күбі, метан, шандар, көмірқышқыл майлар, теяр тотығы т.б.
2	Шығыс Қызылжар I кен орнында КЗБ-8 қолбеу бағытталған пайдалану ұйымдастырылған салуға арналған жеке техникалық жобасы	22		
3	Шығыс Қызылжар I кен орнында КЗБ-11 қолбеу бағытталған пайдалану ұйымдастырылған салуға арналған жеке техникалық жобасы	22		
4	Шығыс Қызылжар I кен орнында КЗБ-12 қолбеу бағытталған пайдалану ұйымдастырылған салуға арналған жеке техникалық жобасы	22		


ШЫҒАРЫНДЫЛАРДЫ САЛЫСТЫРМАЛЫ ТАЛДАУ, ТОННА



7

Қалдықтарды басқару бағдарламасы

Жоба мақсаты – 2025 жылға «Jasyl Energy» ЖШС кен орындары қалдықтарының жиналуы мен утилизациялау мөлшерін белгілеу.



Өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасы

«Jasyl Energy» ЖШС ӨЭБ бағдарламасында кешенді мониторинг қамтылады, оның ішінде:

- қоршаған ортаға эмиссиялар мониторингі;
- әсер ету мониторингі (атмосфера ауасына, жер үсті және жер асты суларына, топыраққа және радиациялық бақылау);
- өндіріс және тұтыну қалдықтары мониторингі;
- «Jasyl Energy» ЖШС нысандары ішкі аудиті.

«Jasyl Energy» ЖШС кен орындары бойынша ӨЭБ бағдарламасында мыналар анықталады:

- ластаушы заттар эмиссияларының сандық және сапалық көрсеткіштерінің міндетті тізбесі;
- өндірістік бақылаудың жиілігі мен ұзақтығы, өлшеу жиілігі;
- ӨЭБ-да қолданылатын аспаптық және есептеу әдістері туралы ақпарат;
- сынама алу нүктелерінің саны және т.б.;


Мониторинг нәтижесінде алынған мәліметтер мен мекеменің өндірістік экологиялық бақылау бағдарламасының орындалуы туралы деректер тоқсандық есептеріне енгізіледі және уәкілетті органға жіберіледі.

2025 жылға арналған экологиялық іс-шараларының жоспары


Құжаттар пакеті құрамында қойылатын талаптарды орындау аясында мемлекеттік экологиялық сараптамаға бұрын келісілген экологиялық іс-шаралар жоспары ұсынылады.

№ п/п	Іс-шаралар тізімі
1. Атмосфералық ауаны қорғау	
1.1	Қоршаған орта компоненттеріне өндірістік бақылау (ауа)
1.2	Жөндеу жұмыстарын жүргізу аумағында шанды басу жұмыстарын жүргізу
1.3	Жылыту пештерін жөндеу
2. Су объектілерін қорғау	
2.1	Өндірістік экологиялық бақылау жүргізу (жерасты және жер асты сулары)
3. Топырақты қорғау	
3.1	Қоршаған орта компоненттеріне өндірістік бақылау жүргізу (топырақ, ағынды сулар)
4. Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін қорғау	
4.1	Көгалдандыру жұмыстары (көшет отырғызу, жасыл желектерді суару)
5. Қалдықтарды басқару	
5.1	Мамандандырылған кәсіпорындарға беру арқылы қосалқы өндіріс қалдықтарын утилизациялау (пайдаланылған лампалар, пайдаланылған майлы фильтрлер және т. б.)
5.2	Қатты және сұйық қалдықтарды утилизациялау
6. Экологиялық арнау және насихаттау	
8.1	Экологиялық заңнамалар аясында мамандарды оқыту
8.2	Еңбекті қорғау және қоршаған ортаны қорғау сұрақтары бойынша тұрақты инструктаж өткізу


«Қоршаған ортаны қорғау» бөлімдері



11



12



13

Назарларыңызға рахмет!

14